**Психологиялық қызметтің мақсаты** – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

• Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
• Әрбір оқушының өз мінез- құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
• Ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету;
• Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

**Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі бағыттары**

**Психологиялық зерттеу.**
**Мақсаты:** Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

**Психологиялық алдын-алу.**
**Мақсаты:** Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

**Психологиялық түзету, дамыту.**
**Мақсаты:** Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

**Психологиялық кеңес беру.**
**Мақсаты:** Педагогкикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.

**Психологиялық ағарту.**
**Мақсаты:** Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру.

Scanned by TapScanner

## 2021 – 2022 оқу жылының жылдық бойынша психологиялық қызметтің есебі

2021 жылдың қыркүйек айынан бастап, ең алдымен жылдық жоспар, апталық циклограмма құрастырып, бекіттім. Апталық циклограмма бойынша сыныптарға психологиялық зерттеу, топтық-коррекциялық жұмыстар жүргізе бастадым.

Алдымен бастауыш сынып оқушыларымен танысып, оларға коррекциялық дамыту жұмысына

1, 5,10 класс білім алушыларын психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында түрлі диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Бастауыш сыныптағы оқушыларға алдымен **1сынып** оқушыларына таным процестерін дамытатын тапсырмалар жүргізілді. Соның ішінде зейінді дамыту.

**Мақсаты:** Суретті қайталап бос клетқаға салып шығу, зейіннің тұрақтылығын анықтау.



Жоғарыда көрсетілген суреттер бойынша **1 сынып** оқушылары:

1-сурет -- 7-де зейіні жақсы дамыған, зейіннің шоғырлануы, тұрақталуы жақсы. Ал, 2 суретте-- керісінше зейіні тұрақталмаған, шоғырланбаған. Жеке коррекциялық сабақ керек.



Scanned by TapScanner

**1-2 сынып** оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында психодиагностикалық жұмыс бағыты бойынша **«Керн-Йерасик»** тестісі алынып, нәтижесі шығарылып қорытынды жасалынды





Бастауыш сыныптар арасында **2-ші сынып** оқушыларынан да таным процестерін дамыту бойынша, зейінді анықтауға арналған әдіс сурет арқылы алынды.

**Мақсаты:** Зейін тұрақтылығын, шоғырлығын анықтау.







**3- сынып.**

Зейінді анықтауға арналған әдіс сурет арқылы алынды.

**Мақсаты:** Зейін тұрақтылығын, шоғырлығын анықтау.

Scanned by TapScanner






Жұмыс барысында **6, 7, 9,** сыныптардан **«Кактус» графикалық әдістемесі алынды.**

**Мақсаты:** баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау.
Суретте баланың келесідей қасиеттері байқалуы мүмкін:

**Агрессия** – Қатты салбырап тұрған инелер. Бір-біріне жақын орналасқан ұзын инелер, баладағы жоғары агрессивтілікті көрсетеді

**Импульсивтілік** –сызықтарды қатты басу. Үлкен және парақтың ортасында салынған сурет- эгоцентризмді, лидерлікке ұмтылысты білдіреді.

**Өзіне деген сенімсіздік, тәуелділік** –парақтың төмен жағына салынған кішкентай сурет.

**Өзін жариялау, көрсету және ашықтық** – кактусқағы қосымша шөптер, форманың анықтылығы.

**Жасырынушылық, сақтық** – кактустың ішінде немесе сыртында салынған зигзаг.

**Оптимизм** –«қуанышты кактус», яғни, ашық түстерді қолдану.

**Үрей** – қара түстерді қолдану, іштегі штрихтар.

**Экстравертивтілік**-Кактустағы басқа кактустармен, гүлдер.

**Интровертивтілік** – Суретте, бір ғана кактус салынса.

**Үйдің қорғанысына ұмтылу** – кактус ыдыста салынған болса.

**«Жалғыздық» сезіну** – құмдағы кактус салынса.

Scanned by TapScanner

Сурет қорытындысы бойынша көп оқушыларда **Оптимизм** деңгейі анықталды.



**Қараша айында: Психологиялық диагностика жұмыстары**

8,9,10,11 сынып- Мектептерге арналған жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу бағдарламасы бойынша сауалнамалар (зерттеу жұмысы) жүргізілді.
Сонымен қатар 5, 6, 7, 8, 9, 10 сыныптардан Темперамент типін анықтауға тест алынды.

Бастауыш сыныптар арасында 1-ші сыныптармен өздері жайлы, қоршаған орта жайлы қаншалықты білетіні туралы сұрақ-жауап алынды.

Мысалы: өзінің аты-жөні, жасы, туған жылы, кіммен тұратыны, ата-анасының аты-жөні, олардың жұмыс орны, тұрып жатқан мекен-жайы туралы сұрақтарға жауап алыну барысында, оқушылардың көбісі мекен-жайларын, ата-анасының кім болып жұмыс істейтінін, өздернің туған жылдарына жауап айта алмады. Тек аты-жөндерімен, жастарына және ата-анасының аты-жөнін атап берді.

1-4 сынып білім алушыларының мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мазасыздық деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулар жүргізілді.

**5 сынып** оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасын анықтау, олардың кіші буынан орта буынға көшуге бейімделуін анықтауға байланысты **"Мектепке Қарым-Қатынасым"** сауалнамасы жүргізілді.

Scanned by TapScanner

Нәтижесі- 3 оқушы қатысты, 5 сыныпта қандай қиындықтармен кездестің деген сұраққа -- Ешқандай қиындықтар жоқ деп 30% жауап берді, 30% - ауызша сабақтардан, 20%- Сабақ кестесіне байланысты жйи өзгереді (сондықтан кітап дәптерімді алмай келдім).
Сонымен қатар Н.Г. Лусканова тесті алынып, оқушылардың бейімделуі қалыпты жағдайда екендігі анықталынды. оқушылардың әлеуметтік картасы.

6,7 сыныптар бойынша оқушылардың таным процесстерін дамыту мақсатында оқушылардың есте сақтау, зейін, қабылдау, ойлау, қиял деңгейлерін дамытуға арналған әр-түрлі арт терапия техникалары жүргізілді.





Сондаяқ мектеп ұжымымен «Мейрімді болса жүрек-орындалар тілек!» атты педагогтарға арналған психологиялық тренинг өткізілді.

**Мақсаты:** Педагогтарды ұйымшылдыққа , жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін ,ой қиялын арттыру,сонымен қатар педагогтардың эмоциялық көңіл күйін көтеру, топтасып ұжыммен жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Scanned by TapScanner







Жұмыс барысында , 2021 жылғы 6-10 желтоқсан аралығында, 6-11сыныптар арасында, мектепте **«Вейп-денсаулыққа өте қауыпты»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

**Сынып сағаттарыңын мақсаты** – жасөспірімдерд арасында бір реттік вейп «эпидемиясы» бойынша түсіндірме жүргізу.

Бүгінде ағзаға зиянсыз деп айтылған электронды темекі, керісінше, денсаулыққа өте қауіпті өнім болып табылғаның және адам ағзасында түрлі ауыр ауруларды тудыратының. Ягни, электронды темекі шегу процесінде никотин, хош иісті, тәтті дәмі бар басқа да химиялық заттар ағзаға зиянды әсер бар екенің оқушыларға жеткізу.

«Ұрпақ саулығы-ұлт саулығы» атты тәрбие сағаты.

## Вейп "эпидемиясы"









2021 ж. Қараша айының 11-15 аралығында **Кальмар ойыны бойынша профилактикалық** іс-шаралар :ата-аналарға ватцап арқылы, 5-11 сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кальмар ойынының зияны және оның алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар .Әлеуметтік желілерге жариялау .













**Желтоқсан айында:** 11-оқушылардың темпераментін анықтау, қызығушылық картасы (6-7).

9-сынып оқушыларынаң мамандық бағдарын анықтау мақсатында «Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнамасы алынып 6 оқушы қатысты; 3 оқушы -10 сыныпты, 3 оқушы -колледжде оқымын.

Оқушылардың бағдарлы оқыту және болашақ мамандыққа көзқарасын анықтау мақсатында 9 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, қорытындысы шығарылып, оқушыларға болашақ мамандыққа байланысты түрлі тиімді кеңестер берілді.

**Койгелді орта мектебі**
**2021-2022 ж.**

Scanned by TapScanner